

Мәслихаттың 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 298 "Жергілікті қоғамдастық жиналышының регламентін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қостанай облысы Қамысты ауданы мәслихатының 2021 жылғы 27 қазандағы № 70 шешімі

Қамысты аудандық мәслихаты ШЕШІТІ:

1. Мәслихаттың "Жергілікті қоғамдастық жиналышының регламентін бекіту туралы" 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 298 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 8897 болып енгізілді) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген жергілікті қоғамдастық жиналышының

Регламентінде:

4-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"4. Жиналыш жергілікті маңызы бар ағымдағы мына мәселелер:

бағдарламалық құжаттардың, жергілікті қоғамдастықты дамыту бағдарламаларының жобаларын талқылау және қарau;

ауылдар және ауылдық округтердің бюджетінің жобаларын және бюджеттің атқарылуы туралы есепті келісу;

ауылдар және ауылдық округтредің коммуналдық меншігін (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігін) басқару жөніндегі ауылдар және ауылдық округтер әкімі аппаратының шешімдерін келісу;

бюджеттің атқарылуын мониторингтеу мақсатында жиналышқа қатысушылар қатарынан жергілікті қоғамдастық комиссиясын құру;

ауылдар және ауылдық округтер бюджетінің атқарылуына жүргізілген мониторинг нәтижелері туралы есепті тыңдау және талқылау;

ауылдар және ауылдық округтердің коммуналдық мүлкін иеліктен шығаруды келісу;

жергілікті қоғамдастықтың өзекті мәселелерін, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларын талқылау;

ауылдар және ауылдық округтердің әкіміне кандидат ретінде тіркеу үшін тиісті аудандық сайлау комиссиясына одан әрі енгізу үшін аудан әкімінің ауылдар және ауылдық округтердің әкімі лауазымына ұсынған кандидатураларын келісу;

ауыл және ауылдық округтер әкімін лауазымынан босату туралы мәселеге бастамашылық жасау;

жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын және тиісті аумақтарда орналасқан мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың басшыларын тағайындау жөнінде ұсыныстар енгізу

жергілікті қоғамдастықтың басқа да ағымдағы мәселелері бойынша өткізіледі.";
6-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"6. Заңың 39-3-бабы 3-тармағының 4-3) тармақшасында көзделген, жергілікті қоғамдастық жинаалысының шақырылу уақыты, орны туралы жергілікті қоғамдастық жинаалысының мүшелері жинаалыс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік үш күннен кешіктірілмей хабардар етілетін жағдайды қоспағанда, жинаалыстың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы жинаалыстың мүшелері жинаалыс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен хабардар етіледі.

Әкім аппараты жинаалыстың мүшелеріне және әкімге жинаалыстың қарауына енгізілетін мәселелер бойынша қажетті материалдарды жинаалысқа шақырғанға дейін күнтізбелік бес күннен кешіктірмей жазбаша түрде немесе электрондық құжат нысанында ұсынады.";

12-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"12. Жинаалыс өз өкілеттігі шеңберінде шақырылымға қатысып отырған жинаалыс мүшелерінің көвшілік даусымен шешімдер қабылдайды.

Дауыстар тең болған жағдайда, жинаалыстың төрағасы шешуші дауыс құқығын пайдаланады.

Жинаалыстың шешімі хаттамамен ресімделеді, онда:

- 1) жинаалыстың өткізілген күні мен орны;
- 2) жинаалыс мүшелерінің саны және тізімі;

3) өзге де қатысуышылардың саны және тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетілген тізім;

4) жинаалыс төрағасы мен хатшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);

5) күн тәртібі, сөйлеген сөздердің қысқаша мазмұны және қабылданған шешімдер көрсетіледі.

Хаттамаға жинаалыстың төрағасы мен хатшысы қол қояды және хаттамада әкімінің өкілеттігін тоқтату туралы мәселеге бастамашылық жасау туралы жергілікті қоғамдастық жинаалысының шешімі қамтылған жағдайларды қоспағанда, екі жұмыс күні ішінде ауылдар, ауылдық округтердің әкіміне беріледі.

Әкімінің өкілеттігін тоқтату туралы мәселеге бастамашылық жасау туралы шешімі бар жергілікті қоғамдастық жинаалысының хаттамасына жинаалыстың төрағасы мен хатшысы қол қояды және бес жұмыс күні ішінде аудан мәслихатының қарауына беріледі.";

13-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"13. Жинаалыста қабылдаған шешімдерді әкім бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарайды.

Әкім жергілікті қоғамдастық жинаалысының шешіміне келіспейтіндігін білдіруге құқылы, осы регламенттің 2-тарауында көзделген тәртіппен осындай келіспеушілік тудырған мәселелерді қайта талқылау арқылы шешіледі.

Әкімдердің келіспеушілігін тудырған мәселелерді шешу мүмкін болмаған жағдайда, мәселені жоғары тұрған әкім тиісті аудан мәслихатының отырысында алдын ала талқылаудан соң шешеді.".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қамысты аудандық мәслихатының хатшысы

C. Кстаябаева

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК